**Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 9 «А» – сыныбының жылдық өтілген тәрбие жұмысының талдауы**

2022-2023 оқу жылы

Оқу жылдың аяғын 25 оқушымен аяқтадық.Оның 13 қыз, 12 ұл бала. Оның оқу озаты - 3,оқу екпіндісі-9.

Оқу озаты: Құрманғалиев Айқоныс, Марқабаев Нұрдаулет, Шымбаев Мансур

Оқу екпінділері: Байдулла Мейірхан, Бақытова Асылжан, Жауғашты Тахмина, Жұмабекова Айымгүл, Қайырбай Назерке, Мұхамбетова Гүлім, Өрдек Айкен, Сағынбайқызы Айзада, Сансызбай Ботакөз, Тілек Мағжан




2022-2023 оқу жылында жыл бойында сынып оқушыларын еңбексүйгіштікке, адалдыққа, өз Отанын құрметтеуге, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында тәрбие құндылықтарының 8 бағыт бойынша тәрбие жұмыстары жүргізілді. Ата ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

1. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін,мемелекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен мемелекетшілдікке тәрбиелеу.
2. Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс,жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
3. Денсаулықты қадірлеуге,салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоцияионалды тұрақтылыққа баулу.
4. Табиағтқа,табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Оқу жылында сынып тәрбие жұмыстары **тәрбие құндылықтары «Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие», «Рухани-адамгершілік тәрбие», «Ұлттық тәрбие», «Отбасылық тәрбие», «Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие», «Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу», «Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие», «Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты», жүзеге асырылды.**

Осы құндылықтарды басшылыққа ала отырып жылдық тәрбие жоспары құрылып жұмыстар атқарылды.

## 1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты:

Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру. Осы мақсатқа сәйкес сыныпта «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет», «Қазақстан –ортақ үйіміз», «Желтоқсан алауы- Тәуелсіздік бастауы», «Сыбайлас жемқорлық деген не?» тақырыптары бойынша сынып сағаттары өткізілді.

2. **Рухани-адамгершілік тәрбие**

**Мақсаты:** Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани- адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру. Осы мақсатқа сәйкес, 9 «А» сыныбында сынып сағаттары өткізілді. Атап айтар болсақ, «Ұстазым,менің ұстазым», «Адал өмір сүру абзал қасиет», «Адам болам десеңіз...», «Ана тіршілік бастауы» атты сынып сағаттары өткізілді.

3. **Ұлттық тәрбие**

**Мақсаты:** Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау. Осы жоспарға сәйкес, «Наурыз мерекесі", «Кекшіл болма көпшіл бол», «Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы», «М.Әуезовтың 125 жылдығы», «Қазыбек бидің 355 жылдығы» сынды сынып сағаттары өткізілді.

4. **Отбасылық тәрбие**

**Мақсаты:** Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық- педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру. Осы жоспарға сәйкес, «Тәрбиенің ең тамаша мектебі отбасы», «Оқушы өміріндегі отбасының рөлі», «Отбасы – тәрбие бастауы» атты сынып сағаттары жүзеге асырылды.

5. **Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

**Мақсаты:** Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Осы мақсатқа сәйкес сыныпта «Мамандылыққа бейімділікті анықтау», «Табиғат қалай сенің жағдайың», «Мамандық таңдап үлгердіңізбе?», «Экологияны ластамаңыз,жас жеткіншек!» сынды сынып сағаттары өткізілді.

6. **Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу**

**Мақсаты:** Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру. Осы мақсатқа сәйкес сыныпта «Дін және мәдениет», «Ғаламтордың зияны пен пайдасы», «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ», «Жемқорлыққа жол жоқ» атты сынып сағаттары жүзеге асырылды.

7. **Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие**

**Мақсаты:** Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру. Осы мақсатқа сәйкес сыныпта «Сабыр түбі сары алтын", «Әдептілік әдемілік», «Ақын болу міндет емес,адам болу міндет», «Роза Бағланованың 100 жылдығы», «Ғарышкерлер күні» Талғат Бигелденовтың 100 жылдығы» атты сынып сағаттары өткізілді.

8. **Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

**Мақсаты:** Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. Осы мақсатқа сәйкес сыныпта «Дені сау адам табиғаттың ең үлкен жемісі» атты медбикемен кеңес, «Фасфудтың зияны», «Бала құқығы», «Құқық бұзушылықтың алдын алу» сынды дөңгелек үстел, «СПИД ғасыр дерті» және сыныптан тыс оқушылар арасында «Спорт және жастар» атты жарыс ұйымдастырылды.

24- мамыр күні «Білімім Отаныма» атты сынып сағатымен қорытындыланып, «Қауіпсіз жаз, жолда абайла!» ескертпелері бойынша түсіндіру жұмыстарымен жылды қорытындыланды.

Сыныбымызда әлеуметтік жағдайы бойынша оқушылардың барлық мәліметтері жылдың басында жасалып жинақталды.




Ата-аналар жиналыстары өтіп, сынып тоқсан сайын қорытындыларын жалпы ата-аналар жиналысында айтылып отырды. 24.02.2023 ата-аналар «Мектеп.Ата-ана.Оқушы» ата-аналар қауымдасытығына жиналыс өткіздім, барлығы келіп қатысты. Жалпы ата-аналар жиналысы бойынша жылдық көрсеткіші:




Сыныптың 2023-2024 оқу жылына тәрбие жұмысының міндеттері тұр,өйткені осы жылды салыстыра отырып біз мына міндеттер мен мақсаттарды ескереміз.

**Мақсаты:**Дені сау ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті,ар-ожданы мол, еңбекқор,іскер қасиеттерді сіңіру.

**Міндеттері:**

- рухани дүниесі бай,ұлтымыздың әдет-ғұрпын,ұлттық намысы бар ұрпақ тәрбиелеу;
- қазіргі заманғы қоғамдық өмірге және тиімді кәсіби іс-әрекет пен жеке басының және әлеуметтік кәсіби тұрғыда үздіксіз пісіп жетілуіне қажетті маңызды тұлғалық қасиет қалыптастыру;
- оқушыларды өнерге баулу,талғамдық, патриоттық тәрбие беру;
- салаутты өмір салтын сақтауға оқушыларды тәрбиелеу, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық жасауға, ілтипатты болуға тәрбиелеу.

Сынып жетекшісі: Ұ.Теміржанқызы